**«Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы Степногорск қаласының Жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша 2022 жылғы 1 маусымнан 2023 жылғы 1 маусымға дейін талдамалық анықтама**

Степногорск қ. 30 маусым 2023жыл

2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес, «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы Степногорск қаласының Жоғары колледжі» МКҚК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мәніне талдау жүргізу үшін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 25 мамырда №85 бұйрық қабылданды.

Талдау жүргізу кезеңі: 2023 жылғы 1-30 маусым аралығы.

Талданатын кезең: 2022 жылғы 1 маусымнан 2023 жылғы 1 маусымға дейін.

Бұйрықпен уәкілетті тұлға тағайындалды – басшының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Айнұр Бейсембайевна Сатанова (бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге басшылық ету, үйлестіру, жұмыс нәтижелеріне жауапкершілік басшының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары Г.А.Тюрющеваға жүктелді.

Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 13 маусымдағы №А-6/288 қаулысымен бекітілген «Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы Степногорск қаласының Жоғары колледжі» МКҚК Жарғысы (бұдан әрі - Жарғы) бар.

Ақмола облысы Білім басқармасы басшысының 02.07.2021 жылғы №79 бұйрығымен Елена Владимировна Крайнева «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы Степногорск қаласының Жоғары колледжі» МКҚК басшысы болып тағайындалсын.

«Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы Степногорск қаласының Жоғары колледжі» МКҚК миссиясы білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

Инновациялық қызмет дағдыларын меңгерген, қоғамның үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына тез бейімделе алатын, еңбек нарығының (жұмыс берушілердің) сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкес жоғары азаматтық және адамгершілік қасиеттерге ие жаңа буынның жоғары білікті мамандарын даярлау.

Жарғыға сәйкес, Жоғары колледж МКҚК 24 қызмет түрін жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау барысында МКҚК қызметінде мыналар анықталды:

**Бағыт-Нормативтік құқықтық актілер**

Колледж өз жұмысында Колледж қызметін қозғайтын Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін, олар ҚР Конституциясы, ҚР «Білім туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Азаматтық кодекс, Еңбек Кодексі, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс және т.б., сондай-ақ Колледждің ішкі ережелері мен қағидаларын басшылыққа алады.

Талданатын кезеңде 965 жергілікті нормативтік-құқықтық актілер әзірленді, оның ішінде: негізгі қызмет бойынша-237, жеке құрам бойынша -601, білім алушылар контингенті бойынша – 127. тәуекелдер анықталған жоқ, талданған кезеңде нормативтік құқықтық актілерде қайшылықтар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың жұмыс тобы жоғарыда сипатталған нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ уәкілетті органдардың жалпыланған ұсынымдарын зерделеді, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

**Бағыт - Персоналды басқару**

2023 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша *штат саны* 156 бірлікті, педагогикалық ставкалар саны – 49,925, нақты саны-156 бірлікті құрайды.

Штат санының құрылымы 4 бөлімнен тұрады; штат санымен көзделген: 1 басқарма басшысы, басқарма басшысының 6 орынбасары, педагог қызметкерлер - 60 (факт бойынша -54) оқу-көмекші персонал, мамандар, техникалық орындаушылар – 39,5 (факт бойынша -33), кіші қызмет көрсетуші персонал – 76 (факт бойынша - 49). Теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар жоқ.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілігі (дипломдары) бар жоғары немесе кәсіптік-техникалық білімінің болуын куәландыратын құжаттар тексерілді, оның барысында барлық қызметкерлер тиісті салалардың уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Сондай-ақ білім беру саласындағы ұйымға жұмысқа орналасуға жол бермеу бөлігінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген шектеулердің болмауы тұрғысынан қызметкерлердің жеке істеріне талдау жасалды, кәмелетке толмағандардың қатысуымен демалыс пен сауықтыруды, дене шынықтыру мен спортты, медициналық қамтамасыз етуді, әлеуметтік қызметтер көрсетуді, мәдениет пен өнерді тәрбиелеу және дамыту, ұйымдастыру, қылмыстық құқық бұзушылықтары үшін қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе жүрген, соттылығы бар немесе болған адамдар (ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда): кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен адамгершілікке, жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін қылмыстық құқық бұзушылықтар.

Қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық-анықтамалық есептеріне сәйкес соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар екені анықталды.

«Арнайы есепке алу» ААЖ дерекқорының мәліметтеріне сүйенсек, колледж қызметкерлерінің қылмыстық қылмыстары үшін соттылығы не өтелмеген соттылығы жоқ, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер жоқ.

Ішкі талдау барысында лауазымды адамдар үшін қолданыстағы заңнамамен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйымдардың бұзылуы анықталған жоқ.

Еңбек шарттарын бұзу қолданыстағы құқыққа сәйкес жүргізіледі, еңбек заңнамасының нормаларын бұзу анықталған жоқ.

Оқытудан өту, қызметкерлердің біліктілігін арттыру мерзімдері мен тәртібі жүйелі негізде біліктілікті арттыру мониторингін жүргізетін колледждің кадр қызметіне жүктелген.

Талдау барысында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Талданатын кезеңде тәртіптік сипаттағы шараларды іске асыру кезінде тәуекелдер белгіленбеген.

Ағымдағы кезеңде кадр мәселелері бойынша шағымдар түскен жоқ.

**Бағыт – Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.**

Талданатын кезеңде колледжге жеке тұлғалардың 3 өтініші келіп түсті. Өтініштер Е-Өтініш АЖ арқылы келіп түсті, көрсетілетін қызметті алушы мен көрсетілетін қызметті беруші арасындағы өзара іс-қимыл алынып тасталады. Колледжге лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар түскен жоқ.

Өтініштер мен оларға жауаптарды зерделеу барысында тәуекелдер анықталған жоқ.

**Бағыт – «Мемлекеттік қызметтер»**.

Мемлекеттік қызметтер техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары мен стандарттарына сәйкес көрсетіледі.

Колледж 8 қызмет түрін көрсетеді:

| | |
|---|---|
| 403011 | Тегін тамақ беру - 47 қызмет |
| 803002 | Білім алушыларға жатақхана ұсыну - 57 қызмет |
| 803006 | Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру-46 қызмет |
| 803008 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау - 411 қызмет |
| 801012 | Академиялық демалыс беру-10 Қызмет |
| 803013 | Білім алушыларды ауыстыру және қалпына келтіру -10 қызмет<br>Ауыстыру -6<br>Қалпына келтіру-4 |
| 803016 | Техникалық-кәсіптік білім беруді аяқтамаған тұлғаларға анықтама беру-5 қызмет. |

Мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі. Көрсетілген кезеңде мемлекеттік қызметтер көрсетуді бұзу мерзімі жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Мемлекеттік қызметтер мынадай қағидаттар негізінде көрсетіледі: қандай да бір кемсітушіліксіз

көрсетілетін қызметті алушыларға тең қолжетімділік, бюрокротизм мен әуре-сарсаң көріністеріне жол бермеу, есептілік пен ашықтық, сапа мен қолжетімділік, қызмет көрсету процесін ұдайы жетілдіру, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде үнемділік пен тиімділік.

Талданған кезеңде БАҚ 10 жарияланым, 3 тікелей эфир өткізілді, Жоғары колледжде мемлекеттік қызмет көрсету туралы бейнеролик шығарылды.
Электрондық форматтағы өтініштер саны артып келеді.
Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтер саны артып келеді (жұмыс жүргізілуде)
БАҚ және әлеуметтік желілерде көрсетілетін мемлекеттік қызметтер және осы бағытта жүргізілетін жұмыс туралы ақпаратты жариялау (жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі).
Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістері бойынша техникалық оқу жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің жағдайы жақсаруда (моноблоктар сатып алынды).

Мерзімдерді бұзу және қызмет көрсетуден бас тарту жоқ.

*Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушылармен тікелей байланысының болуы.*

Колледж көрсететін мемлекеттік қызметтердің қолданыстағы стандарттары өтініштерді қабылдаудың және қызмет көрсету нәтижелерін берудің балама нұсқасын көздейді.

Стандарттарға сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының өзара іс-қимылы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі немесе «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

*«Жасырын қызметтер» мемлекеттік қызметінің белгілері бар Колледж функциялары*

Ішкі талдау барысында «жасырын» Мемлекеттік қызметтің болуы анықталмаған.

*Жалған қызмет көрсету қаупі*

Материалдарды зерделеу барысында жалған қызмет көрсету қаупі анықталған жоқ.

**Бағыт-Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға байланысты Мемлекеттік сатып алу**

Мемлекеттік сатып алу платформасындағы Колледж ұйымдастырушы ретінде тіркелген.

Мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстар. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес 2021 жылға арналған мемлекеттік сатып алудың жылдық Жоспары www.goszakup.gov.kz.веб-порталда орналастырылған.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» №434-V Заңына сәйкес 2022-2023 жылдары жалпы сомасы 323 283 886,66 теңгеге 1593 мемлекеттік сатып алу рәсімі өткізілді.

Барлық шарттар қолданыстағы заңға сәйкес жасалды. Сатып алуды заңсыз жүргізу фактілері анықталған жоқ. Ішкі мемлекеттік аудит органдары тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты хабарламалар немесе нұсқамалар ұсынылмаған. Жауапты лауазымды тұлғалар күн сайын мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттардың орындалуына мониторинг жүргізеді.

Жеткізушілерге ақы төлеу мәселелері колледж басшылығының тұрақты бақылауында болады, жүйелі түрде түгендеу және аудит жүргізіледі. Төлем жүргізу рәсімі жауапты лауазымды тұлғалармен бірнеше келісуді көздейді, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жолын кеседі.

**2.5. Сот актілері**

2022 жылғы 01 маусымнан 2023 жылғы 1 маусымға дейінгі кезенде өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға адал қатысушы емес деп тану туралы сотқа 3 талап-арыз жолданды.

Іс жүргізу құжаттарының (талап қою, кері қайтарып алу, өтініш хаттар) жобаларын дайындау барысында Колледж мемлекеттік сатып алуды, азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарын, ҚР ҚК нормативтік қаулыларын және бейіндік заңдарды реттейтін қолданыстағы заңдар мен ережелерді басшылыққа алады.

**Бағыт-бұқаралық ақпарат құралдарында жариялымдар**

Талдау жүргізу барысында жұмыс тобы, колледждің ВКонтакте, Instagram, Facebook сияқты әлеуметтік желілерде 3265 аудиторияны қамтитын аккаунттары бар екенін анықтады. Әрбір жазылушы, сондай-ақ үшінші тұлға еркін кедергісіз өз ойын, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындаған жағдайда пікірін білдіреді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелімен байланысты ақпаратты хабарлауда кедергі жоқ.

Колледж аккаунттарындағы бұқаралық ақпарат құралдары мен түсініктемелердің мониторингін жауапты тұлғалар күнделікті негізде жүргізеді.

| № | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту бойынша тәрбие жұмысының атауы | Өткізу күні | БАҚ, әлеуметтік желілерде, мемлекеттік органның сайттарында жариялау сілтемелері |
|---|---|---|---|
| 1 | "СЖК сыбайлас жемқорлыққа қарсы" тақырыбындағы диалог алаңы | 08.11.2022 | https://fb.watch/h4liPAfVTj/ |
| 2 | "Парасаттылық - әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі" тақырыбындағы сынып сағаты. | 06.12.2022 | https://www.facebook.com/100057593043141/posts/pfbid02KvDabEdS1Agg6RbV9w6AmuJpEBFeXQYszceSDomLRLJEhTwQFt1fyB1KdHqViXh4l/?d=w&mibextid=qC1gEa |
| 3 | "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл: қылмыстық жауапкершілікті қатаңдату немесе құқықтық мәдениетті арттыру?»-тақырыбында дебаттық турнир | 08.12.2022 | https://www.facebook.com/100057593043141/posts/pfbid02T5epnBe7X4jn1pfA35Whs8fy7PZQzeUXjCjameVeo5iSiEzEgUq7bgmMLquXAVisl/?d=w&mibextid=qC1gEa |
| 4 | TEDx "сыбайлас жемқорлыққа жол ЖОҚ!" тақырыбында TED-X диалог алаңы | 09.12.2022 | https://fb.watch/iqoDdm47ok/?mibextid=qC1gEa |
| 5 | Ұжымды сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиені қалыптастыру жөніндегі | 20.01.2023 | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid08vsFhyyZxCj2DDD8bFHaC5V7M8NStpRkjnR7Z8q |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жұмыс жоспарымен таныстыру | | BntqcDTRv2j9SMhHsUsmYVv9el&id=100057593043141&mibextid=Nif5oz |
| 6 | Колледж басшысы Елена Владимировна Крайнова ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. | 15.02.2023 | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02kBQGDCJKYzX3VkZEazBEd8n3SuUap5zAcRW1LWkSj31CeyrKk2CnmUMSHvPN1hwal&id=100057593043141&mibextid=Nif5oz |
| 7 | Дөңгелек үстел «Сыбайлас жемқорлықты тоқтату!» | 16.02.2023 | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0U1HTucuda7gEeso3C98rH31wmHzpc1N6RZqW6Kmnsyq3XPq64pYcQd5AdTE1qwWpl&id=100057593043141&mibextid=Nif5oz |
| 8 | «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы!" КТК фестивалы колледж басшысының кубогына | 24.02.2023 | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0DQ9QQeBkmNAwxewJGR3CVGdyp9FFuys1ELhRJHXpYUNf9AjeAT26SnocwE94DFEgl&id=100057593043141&mibextid=Nif5oz |
| 9 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы марафон | 10.03.2023 | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0UeKfnMHiZ9rUK3hoBvNntFUBawj84ToVzytwKThJ9BMi6F2ur1R9nZjbxCKet1S5l&id=100057593043141&mibextid=Nif5oz |
| 10 | «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» кітап көрмесі | 15.03.2023 | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02M4RWNnKMemsZ8f99Hu5X4f7KxobBE2QunrhdQDZdupYm3XRiQ3t5dC4kHbUSQhPvl&id=100057593043141&mibextid=Nif5oz |
| 11 | «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» Брейн-ринг | 06.04.2023 | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Q4jWeMWHACn519fJuFRTFkYmxXXh4ThQWUfBDBSgDxTvG29shwip1ZZFEfkjJjGGl&id=100057593043141&mibextid=Nif5oz |
| 12 | «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» OPEN AIR | 12.04.2023 | https://fb.watch/jTdy_FLrGP/?mibextid=Nif5oz |
| 13 | Степногорск қаласының мемлекеттік кірістер басқармасына экскурсия | 21.04.2023 | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0gERSSrdc3NfzxmjZWaCB2cnwNcBDS5xt5dTvQFK3AWke45UB7K6j55qpEVxV5R2xl&id=100057593043141&mibextid=Nif5oz |
| 14 | «Саналы ұрпақ» клубының белсенділері, мүшелерінің «әрекет ету уақыты» қалалық слеті | 04.05.2023 | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02KA9b2NcXa6pmayZdjwR4hcpd2tu6wJUmGn7eK |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | CpuZjBNsx1Zek9yR3N7dAn9Rcujl&id=100057593043141&mibextid=Nif5oz |
| 15 | «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» OPEN AIR | 05.05.2023 | https://fb.watch/kkTZEZXoP4/?mibextid=Nif5oz |
| 16 | Студенттермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жауапкершілік, көтермелеу, заңнама туралы дәріс. Іс-шараны «Jana urpaq Step» ҚҚ өткізді | 11.05.2023 | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02Wh4gBbUvYoRaHjTkJDU94QCGd2eR1CN8X92GH4Kzw2qEGTMrpfUWCd95dkdkjKdJl&id=100057593043141&mibextid=Nif5oz |
| 17 | Қорытынды іс-шара. Баннерлік және жарнамалық өнімдерге арналған суреттер байқауы бойынша студенттерді марапаттау | 16.05.2023 | https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02kNv3qS8PkD22QcS9ULbCU6Cd9nj1F8i1MPkN8cCYL4hRFGUkF1vJM4JmvPYZ6DFul&id=100057593043141&mibextid=Nif5oz |
| 18 | «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» сыбайлас жемқорлыққа қарсы квест-ойыны | 29.05.2023 | https://fb.watch/lkQVjfVOHS/?mibextid=Nif5oz |

**Ұсынылған:**

1. Колледж қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету;

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығымен бекітілген бюджеттік өтінімдерді жасау және ұсыну қағидаларының талаптарына сәйкес бюджеттік өтінімдердің есебі жүргізілсін.

3. Жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жоспарланған мемлекеттік сатып алуды белгіленген мерзімде жүргізу.

4. Заңда белгіленген мерзімде өнім берушілерді Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап-арыздарды сотқа жолдау.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысымен бекітілген мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдары қызметкерлерінің жалақысын, сыйлықақыларын және қосымша ақыларын есептеу сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық айлықақыларына үстемеақы белгілеу қағидаларына сәйкес жүргізілсін.

6. Білім алушыларға стипендиялар тағайындау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысымен бекітілген мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу және мөлшерлеу қағидаларына сәйкес жүргізілсін.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету.

8.Халықты мемлекеттік қызметтер туралы ақпараттандыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жалғастыру.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты мамандардың біліктілігін арттыру.

**Ішкі талдау жүргізу үшін уәкілетті тұлға____________Сатанова А.Б.**

**КЕЛІСІЛДІ**

**Басшының ОӨЖ жөн. орыбасары ___________Тюрющева Г.А**

**Бас бухгалтер ___________Канкенова А.М**

**Кадр бөлімінің меңгерушісі ___________Алимкайдарова А.С.**

**Заңгер-кеңесші ___________Баева Н.П.**

**Қамқоршылық кеңестің мүшесі ___________ Калиакпарова А.К.**

**ТАНЫСТЫМ**

**Колледж басшысы ____________ Крайнева Е.В.**